



МИЧУРИН ОРТА МЕКТЕБІ



ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ПӘНІ

Кукеева Орынкуль Исмагуловна

Бастауыш сынып мұғалімі





Сабақтың тақырыбы:



Бәрінің бастауы махаббат

Мақсаты махаббаттың рухани құндылық ретіндегі ұғымын кеңейту; қатысушылардың өздерін махаббат көзі ретінде қабылдауын қалыптастыру.

Міндеттері: - *мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру;*

*өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту;
мейірбандыққа тәрбиелеу.*

Әдісі: сұрақ –жауап, топпен жұмыс.

Көрнекі құралдар: ұнтасна,, дәптер, оқулық, интерактивті тақта.

Ұйымдастыру сәті: 1) Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

2) Психологиялық дайындық.

3) Шаттық шеңбері. Сәлемдесу.





**Жан-жағына нұр шашып
Арайлап жарқын таң атса,
Жер бетінде жайқалып,
Көгеріп өссе көк майса,
Жүрегім жыли бастайды.
Оралғанда сапардан
Алдымнан жақын жан шықса,
Кездескенде достарым
Құшағын маған кең ашса,
Жүрегім жыли бастайды.**



Махаббат шеңбері».

*Күннің нұры алтын
Махббат шеңбері меніме
Махаббат шеңбері сенім
Махаббат менде,
Махббат айналада,
Махаббат барлық жерде*





• Жаңа
ақпарат



- *Адам жүрегі махаббатқа, сүйіспеншілікке толы болса ғана мейірімділік, адалдық сияқты асыл қасиеттер үнемі байқалып тұрады. Өмірді сүю, Отанды, туған жерді сүю, білімге құштарлық та сүйіспеншілікке байланысты болады.*
- *Сендер шыр етіп дүниеге келгенде ата- анаңның қуанышында шек болмады. Ал сендер алғаш рет сәби жүректеріңмен анаңның аялы алақанын, мейірленген махаббатын сезіндіңдер. Сондықтан да барлық жақсылықтың негізі осы махаббаттан басталып, адам жанын нұрға, көңілін қуанышқа бөлейді.*

ТОПТАСТЫРУ: АНА КІМ?



АНА





Дәйексөз

1. Дүниеде ана махаббатынан қасиетті нәрсе жоқ. Оның алдында адамды ынтықтырушы өзге дүниелер әлсіз келеді.

В.Т. Белинский

2. Өзінің елін сүйе алмайтын адам ештеңені де сүйе алмайды.

Байрон

3. Сүйіспеншілік – жүректен.

Ш.Құдайбердіұлы

4. Махаббатсыз- тіршілікте мән жоқ. И. Гете

5. Махаббатсыз –дүние бос. А.Құнанбаев





Тапсырма: Оқушылар өздерінің
жақсы көретін адамдары туралы
әңгімелеу.

Сергіту сәті: «ШАТАСПА» ОЙЫНЫ

Ойынның мақсаты: тез ойлау қабілеттерін жетілдіру, тәуліктің әр уақытында не істейтіндері туралы білімдерін жетілдіру.

Керекті заттар: кубик

Ойын барысы: тәуліктің әртүрлі бөліктері жөнінен балалардың білімдерін бекіту мақсатымен мұғалім әңгіме жүргізеді. Балалар өздерінің таңертең, түсте, кешке не істейтіндерін естеріне түсіреді.

Мұғалім тәуліктің әртүрлі бөліктерін атай отырып, балаларға ойынды ұсынады. Мысалы: мұғалім бір балаға допты беріп «Таңертең» десе, допты алған бала оянамыз, жуынамыз деп жауап береді. Содан кейін допты екінші балаға ұсынады. Ол бала жалғастырып шашымызды тараймыз, тісімізді тазалаймыз десе келесі бала жаттығу жасаймын, мектепке барамын деп жауап береді. Шатасқан бала ойыннан шығып, допты келесі ойыншыға береді. Осылайша күндіз, кешке, түнде не істейтіндерін айтып, ойынды жалғастыра береді. Шатаспай дұрыс айтқан балалар жеңіске жетеді.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС



“Асыл анам” тақырыбына
эссе жазу.




Қорыта айтқанда:

Жүректен жүрекке.

Оқушылар сабақ соңында өздерінің жүрек түпкіріндегі жылы сезімдеріне ризашылықтарын білдіреді.

Оқушылар оң қолдарымен жүрек тұсын ұстап кезегімен мынадай сөйлемдер айтады:

- Менің қайырымды жүрегіме рахмет!
- Менің мейірімді жүрегіме рахмет!
- Менің жылы жүрегіме рахмет!
- Менің жүрегімнің адамдарды жақсы көргеніне рахмет!
- Менің жүрегімдегі жақсы көру сезіміне рахмет!
- Менің жүрегімнің қуана білетініне рахмет!
- Менің жүрегімнің жанашырлығына рахмет! және т. б.



Түйіндеме

Махаббат

Өзін-өзі, өзгелерді тануға жетелейді;

Өзгелерді сыйлауға негіз болады;

Ата-анаға сүйспеншілікті білдіреді;

Отанды, елді құрметтеуге үйретеді;

Табиғаттың сұлулығын сезіндіреді

Махаббат мәні

А.Самиғоллаұлы

Адамзатты аялаған ақ арман,
Барлық ғалам махаббаттан жаралған.
Өмір-өзен сан тарапқа ақса да,
Жақсылықтан шуақ алып, нәр алған.

sendflowers.ru

Махаббаттың тоймай ішіп дәміне,
Адамзаттың талмай айтар әні ме?
Өзіңді де өзгені де сүйе алсаң,
Жете аларсың махаббаттың мәніне.

